

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау  
(6D010200/8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі)  
мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес

### **1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200/8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте 2025 жылы 8 отырыс өткізілді (01.01.2025-31.12.2025).

### **2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)**

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

### **3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.**

1. Арынова Гүлжанар Ғабитқызы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

2. Жүзеев Серікхан Әлханұлы. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті;

3. Қыдырбаева Гульназ Булатовна. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

4. Альситова Асемгуль Бахтыгалеевна. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті;

5. Айлауова Жазира Сламханқызы. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті;

6. Шарипходжаева Женисгул Бейсембековна. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

7. Исмагулова Раузия Сыдыковна. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

8. Егизбаева Лаззат Ержановна. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.

### **4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:**

*1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

*Арынова Гүлжанар Ғабитқызының диссертациясы бойынша:*

*Диссертация тақырыбы – «Қазақ тілі сабақтарында оқу диалогы арқылы оқушылардың әлеуметтік интелектісін дамыту»*

Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері: п.ғ.к., профессор Уайсова Г.И. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы.

PhD доктор Ауһан Ural. Гази университеті (Түркия. Анкара).

*Қорғау 2025 жылдың 09 қаңтарында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

– қазақ тілі сабақтарында оқу диалогы арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

– бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда қолданылатын оқу диалогының түрлерін және олардың оқушының әлеуметтік интеллектісін дамыту мүмкіндіктері анықталды;

– қазақ тілі сабақтарында оқу диалогы арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;

– қазақ тілі сабақтарында оқу диалогы арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамыту әдістемесі жасалып, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жағдайында дәйектелді, ұсыныстар берілді.

*2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (12.01.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. "Қазақ тілі" оқу пәнінің оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

Сондықтан қазақ тілі сабақтарында оқушылардың әлеуметтік интеллектісін дамытудың теориялық және практикалық мәселелердің шешімін іздестіру ҚР Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысын көрсетеді.

*3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Қазақ тілі сабақтарында оқу диалогы арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамыту әдістемесі: бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Оқу диалогы арқылы бастауыш сынып

оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамыту» атты ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы (24 сағат); «Қазақ тілі сабақтарында оқу диалогы арқылы оқушылардың әлеуметтік интеллектісін дамытуға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі» әзірленді.

Қазақ тілі сабақтарында оқу диалогы арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамыту мақсатында арнайы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жасалды. Зерттеу нәтижелері жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныбында, жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында бастауыш мектеп мұғалімін даярлау процесінде, бастауыш сынып мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында курстарда пайдалануға болады.

**Жүзеев Серікхан Әлханұлы диссертациясы бойынша:**

*Диссертация тақырыбы* – «Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау».

*Мамандығы:* 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі.

*Ғылыми кеңесші:* п.ғ.к., доцент Жайлауова М.К. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

*Шетелдік ғылыми кеңесші:* PhD Стойкова Ж.Д. Тракия университеті, Болгария.

*Қорғау 2025 жылы 7-сәуірінде өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

– философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектерді талдау негізінде «этнопедагогикалық дәстүрлер», «қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» ұғымдарының мәні анықталып, құрылымы нақтыланған;

– қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың тұлғалық, құзыреттілік, этномәдени және интегративті әдіснамалық тұғырлары айқындалған;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған, оның құрамына қажеттілік-ынталандырушылық, эмоционалды-құндылықтық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттер енгізілген, даярлық деңгейлері (төмен, орта, жоғары) айқындалған;

– қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдістемесі әзірленіп, оның құрамына «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» элективті курсы мен «Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлерінің түсіндірме сөздігі» енгізілген, әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында дәлелденген.

2) *Ғылым туралы Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, сондай-ақ Мемлекет басшысының халыққа Жолдауларында айқындалған ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру саясатына сәйкес келеді.

Зерттеу мазмұны ұлттық тәрбиені, этнопедагогикалық дәстүрлерді және болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын кіріктіре қарастыра отырып, педагогикалық білім беру сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыста жүзеге асырылған.

*3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау*

Зерттеу нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдану төмендегілермен расталады:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауға арналған «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» элективті курсының бағдарламасы әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілген;

– «Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлерінің түсіндірме сөздігі» оқу-әдістемелік көмекші құрал ретінде дайындалып, білім беру ұйымдарының тәжірибесінде қолданылуда;

– зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау және қайта даярлау жүйесінде, жалпы орта білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға болады.

***Қыдырбаева Гульназ Булатовнаның диссертациясы бойынша:***

*Диссертация тақырыбы – «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаратылыстану ғылыми бағытындағы пәндерді көптілді оқытуға даярлау»*

Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

*Ғылыми кеңесшілері:* п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Стамбекова А.С. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы.

Семра Гювен - PhD, профессор, Гази университеті. Түркия, Анкара қ.  
*Қорғау 2025 жылдың 04 маусымда өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаратылыстану ғылыми бағытындағы пәндерді көптілді оқытуға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданды.

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаратылыстану ғылыми бағытындағы пәндерді көптілді оқытуға даярлаудың мүмкіндіктерін анықталған.

– философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында «көптілділік», «көптілді оқыту» ұғымдары мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаратылыстану

ғылыми бағытындағы пәндерді көптілде оқытуға даярлау» түсініктерінің мәнін нақтылаған.

– зерттеу барысында теориялық тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаратылыстану ғылыми бағытындағы пәндерді көптілді оқытуға даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның деңгейлері (жоғары, орта, төмен) анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған.

– «Бастауыш сынып оқушыларына жаңартылған жаратылыстану білім беру негіздері» оқу құралы; «Терминологиялық сөздік», «Жаратылыстану ғылыми бағытындағы пәндерді көптілді оқыту негіздері» элективті курсының бағдарламасы; «CLIL Educational Training Club» клубының оқу жоспары мен бағдарламасы, «Дәрілік өсімдіктер топтары» жинағы, «Жаратылыстану» оқу пәнін көптілде оқытудың әдістері» оқу-әдістемелік құралы және «Lingua&Science.kz» сайты құрастырылып зерттеу нәтижелері алынған.

*2) ғылым туралы Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (12.01.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курстар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді. Болашақ мамандардың қалыптасуы біртұтас әрі біртіндеп жүзеге асырылады. Сондықтан мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын жүзеге асыру бойынша теориялық және

практикалық мәселелердің шешімін іздестіру ҚР Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысын көрсетеді.

3) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, бастауыш білім беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

***Айлауова Жазира Сламханқызының диссертациясы бойынша:***

*1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

*Диссертация тақырыбы* – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кросс-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

*Мамандық:* 8D01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

*Ғылыми кеңесшілері:* п.ғ.к., профессор Майгельдиева Ш.М. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда;

Философия докторы (PhD), профессор Бай Ердал Газиантеп университеті (Газиантеп, Түркия).

*Қорғау 2025 жылдың 27 тамызында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

– «кросс-мәдениет - мәдениеттердің тоғысу алаңы ретінде түрлі мәдениет өкілдері арасында өзара құрмет пен түсіністік орнатудың маңызды негізі», «кросс-мәдени құзыреттілік – тұлғаның көпмәдениетті ортада тиімді және этикалық тұрғыда әрекет ете алу қабілеті», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кросс-мәдени құзыреттілігі – болашақ бастауыш сынып мұғалімнің мәдени әртүрлілік жағдайында педагогикалық әрекет етуге, оқушылармен және олардың ата-аналарымен мәдениетаралық өзара түсіністік орнатуға, сондай-ақ әртүрлі мәдени ортада оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін интегративті тұлғалық және кәсіби сапалар жүйесі» деп нақтыланды;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кросс-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруда жүйелілік, мәдениетаралық, іс-әрекеттік, коммуникативтік, тұлғалық-бағдарлы әдіснамалық тұғырлары мен тұтастық, танымдық, мотивациялық, тұлғааралық қарым-қатынас және өзін-өзі дамыту ұстанымдары басшылаққа алынды;

– педагогикалық шарттар – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кросс-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру – ұйымдастырушылық, оқу әдістемелік және дидактикалық іс-шараларының жиынтығы; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кросс-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық-мақсаттық, аксиологиялық-танымдық және рефлексивті-бағалаушылық компоненттерінің бірлігін, оған сәйкес негізделген өлшемдерін құрайды;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кросс-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталып ұсынылатын әдістемелік жүйе: «Мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері» элективті курс бағдарламасы

дәстүрлі және инновациялық әдістері студенттердің өз ішкі мүмкіндіктерін, сыни және шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік ашады.

*2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (12.01.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. Бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін 1 жастан бастап балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ЖП 09.09.2022 ж. № 394 бұйрығымен бекітілген). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР ЖП 14.10.2022 ж. № 422 бұйрығымен бекітілген). Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курстар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді. Болашақ мамандардың қалыптасуы біртұтас әрі біртіндеп жүзеге асырылады. Сондықтан мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын жүзеге асыру бойынша теориялық және практикалық мәселелердің шешімін іздестіру ҚР Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысын көрсетеді.

*3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, бастауыш білім беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

***Шарипходжаева Женисгул Бейсембековнаның диссертациясы бойынша:***

Диссертация тақырыбы: «Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау» .

Мамандық: 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі  
Ғылыми кеңесшілер:

Амирова Амина Слямхановна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Мустафа Кале – философия докторы (PhD), Гази университетінің профессоры (Түркия, Анкара).

Қорғау 2025 жылдың 27 тамызында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1) Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- «Қарым-қатынас», «мәдениет», «қарым- қатынас мәдениеті» ұғымдарының мәні нақтыланды;

- Жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің психологиялық- педагогикалық мүмкіндіктері айқындалды;

- Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі -Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың оқу- әдістемелік кешені дайындалды.

2) Зерттеу жұмысының негізгі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, «Педагогтің кәсіби стандарты», ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру мемлекет тарапынан қабылданған нормативтік құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.

Бұл құжаттар жоғары оқу орнында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үрдісін қамтиды.

3) Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың әдістемелік кешені: болашақ мамандарға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы;

«Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен тапсырмалар жинағы» атты әдістемелік құралы дайындалды. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін

мектептерде, педагогтердің кәсіби даму орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

***Альситова Асемгуль Бахтыгалиевнаның диссертациясы бойынша:***

*Диссертация тақырыбы – «Бастауыш сыныптарда гуманитарлық пәндер негізінде креативті білім беру ортасын қалыптастыру»*

*Мамандық: 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі*

*Ғылыми кеңесшілері: п.ғ.к., доцент Жазыкова М.К. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе, Қазақстан).*

*п.ғ.к., доцент Вахидова Л.В. М.Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті (Уфа, Ресей).*

*Қорғау 2025 жылдың 06 қазанында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- бастауыш сыныптарда гуманитарлық пәндер негізінде креативті білім беру ортасын қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- «креативті білім беру ортасы» ұғымы мен «бастауыш сыныптарда креативті білім беру ортасын қалыптастыру» түсінігінің мәні, құрылымы нақтыланды;

- бастауыш сыныптарда гуманитарлық пәндер негізінде креативті білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері анықталды;

- бастауыш сыныптарда гуманитарлық пәндер негізінде креативті білім беру ортасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- бастауыш сыныптарда гуманитарлық пәндер негізінде креативті білім беру ортасын қалыптастырудың әдістемесі жасалды.

*2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Зерттеу жұмысы білім беру саласында басшылыққа алынатын мемлекет тарапынан бекітілген нормативтік құжаттардың бағыттарына сәйкес келеді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (2007 ж.) 3-бабы, 2-ші тармағында «жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» міндеті атап көрсетілген; сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында көрсетілген міндеттердің қатарында «...дамуға, табысқа, бәсекеге қабілеттілікке және жасампаздыққа бағдарланған креативті ұрпақты тәрбиелеу» мәселесі қарастырылған. Жоспардағы 3-ші жалпы ұлттық басымдықтың міндеттерінің бірі ретінде «Мектептегі білім беру бағдарламаларына оқушылардың эмоционалдық, физикалық және психикалық әл-ауқатының негізі болатын тұрақты даму, шығармашылық сана, салауатты психоэмоционалды даму компоненттерін енгізу қажеттігі» көрсетілген. Сонымен қатар «Келешек мектептері» білім беру саласындағы ұлттық жобада оқушылар мен

педагогтар үшін жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру міндеттерінің бірі білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту екендігі ескертіледі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (2025 ж.) көрсетілген міндеттердің бірі оқушылардың шығармашылығын, сондай-ақ жасампаздық пен жаңашылдық базалық құндылықтарын дамытуға бағытталған, ал «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» орта білім беру жүйесінде «құндылыққа бағдарланған, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған және коммуникативті тәсілдер негізінде орта білім беру мазмұнын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру және күшейту» қажеттілігі қарастырылған.

*3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Бастауыш сыныптарда гуманитарлық пәндер негізінде креативті білім беру ортасын қалыптастырудың әдістемесі: бастауыш сынып оқушыларына арналған «Креативті тапсырмалар жинағы», креативті білім беру ортасын қалыптастыру үшін бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинар бағдарламасы мен оқу жоспары, «Бастауыш сыныпта креативті білім беру ортасын қалыптастыру» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтан құралады.

Зерттеу барысында дайындалған әдістемені жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері, психологтар мен әдіскерлер, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары, «Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім беру бағдарламасының білім алушылары оқу үдерісінде, практика барысында пайдалана алады.

***Исмагулова Раузия Сыдыковнаның диссертациясы бойынша:***

*Диссертация тақырыбы – «Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыру»*

*Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі*

*Ғылыми кеңесшілері: п.ғ.д., профессор, Жумабаева А.Е. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан).*

*PhD, профессор, Мустафа Кале Гази университеті (Анкара, Түркия).*

*Қорғау 2025 жылдың 6 қазанында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

*бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;*

*- екінші нәтиже жаңалығы – коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдарының мәні мен құрылымы нақтыланды;*

*- үшінші нәтиже жаңалығы – бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың алғышарттары анықталды;*

- төртінші нәтиже жаңалығы – бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- бесінші нәтиже жаңалығы – бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың әдістемелік жүйесі әзірленді, оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді, нәтижелері оқыту үдерісіне енгізілді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

2) ғылым туралы Занның 18-бабаның, 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының, өзара байланысы.

Қазіргі қоғамның өзекті міндеттерінің бірі – жан-жақты дамыған, қоғам сұранысына лайықты, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, көп тіл меңгерген, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Бұл міндет Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың (2019 ж.) білім беру қызметкерлерінің «Білім және Ғылым!» атты тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде айқын көрініс тапқан. Онда «жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі міндеті екендігі атап өтіліп, тек білімді әрі бірнеше тілді меңгерген ұрпақ қана болашаққа сенімді қадам жасай алатыны, жеке тұлға ретінде дамытумен қатар, мемлекеттің озық инновацияларға сай өркендеуіне зор үлес қосуы қажеттігі баса көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда, ағылшын тілін бастауыш сыныптарда оқыту – көптілді тұлғаны қалыптастырудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытудың мақсаты – оқушының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қажетті деңгейіне қол жеткізуін қамтамасыз ету, жаңа тілдік ортаға бейімделу, шетел тіліндегі сөйлеу әрекетін өздігімен меңгеруге жағдай жасау, сондай-ақ өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасқа түсетін тұлғаны тәрбиелеу.

Тілдік білім мен дағды, мәдениет пен ұлттық құндылықтар негізінде қалыптасатын коммуникативтік дағдылар (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) – қазіргі заманғы білім берудің бірқатар өзекті мәселелерінің бірі. Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттарымен дәлелденеді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеруіне тікелей байланысты екені атап өтілген.

3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау. Зерттеу жұмысының нәтижесінде әзірленген «Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру: тапсырмалар мен жаттығулар кешенін» бастауыш сынып мұғалімдері

көмекші құрал ретінде және зерттеу жұмысының нәтижелерін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын жоғары оқу орындарында элективті курс ретінде пайдалануға болады.

**Егизбаева Лаззат Ержановнаның диссертациясы бойынша:**

*Диссертация тақырыбы* – «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау»

*Мамандық:* 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

*Ғылыми кеңесшілері:* п.ғ.к., доцент Жазыкова М.К. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе, Қазақстан).

Вилфред Адмираал - доктор, профессор, Осло Метрополитан университеті (Осло қ., Норвегия).

*Қорғау 2025 жылдың 29 желтоқсанда өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- «пән мен тілді кіріктіріп оқыту», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлау» түсініктерінің мәні, құрылымы нақтыланды;

- пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалды;

- пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды;

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Зерттеу жұмысы білім беру саласында басшылыққа алынатын мемлекет тарапынан бекітілген нормативтік құжаттардың бағыттарына сәйкес келеді. Диссертация мазмұны философтардың, педагогтар мен психологтар еңбектері, зерттеу пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесіне негізделгендіктен, оның негізі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары және 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы, Google Scholar, Scopus, Web of Science, Google Books және т.б. ресурстар, автордың ғылыми-зерттеу тәжірибесінен тұрады.

3) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін пән мен тілді кіріктіріп оқытуға кәсіби даярлаудың әдістемесі: «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту

негіздері» элективті курсының бағдарламасы мен «CLIL English Club» клубының оқу жоспары мен бағдарламасы, «Пән мен тілді кіріктіру: практикалық жаттығулар» оқу-әдістемелік құрал ұсынылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен әзірленген ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды жалпы білім беретін бастауыш сыныптарында, жоғары оқу орындарында болашақ педагогтерді кәсіби даярлау үдерісінде, сондай-ақ педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы ұлттық орталықтар мен кәсіби даму жүйесінде қолдануға болады.

#### **5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).**

Рецензенттер ретінде болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлау және бастауыш білім берудің педагогикасы және психологиясы салаларында ғылыми зерттеулер жүргізген, елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттердің басым бөлігі зерттеу тақырыптарының өзектілігін, ғылыми жаңалығын және практикалық маңыздылығын жоғары бағалағаны анықталды. Диссертацияларда қойылған мақсат пен міндеттердің зерттеу мазмұнына сәйкес келетіні атап өтілген. Сонымен қатар, рецензенттер тарапынан негізінен нәтижелерді рәсімдеу сапасын жақсарту, жекелеген терминологиялық және стильдік түзетулер енгізу жөнінде ескертулер берілген. Аталған ескертулердің көпшілігі редакциялық сипатта болып, диссертацияның жалпы ғылыми деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді.

Жалпы қорытынды бойынша, ресми рецензенттердің пікірлері оң, диссертациялар белгіленген талаптарға сәйкес келеді және докторанттарға тиісті ғылыми дәреже беруге ұсынылады.

*Арынова Гүлжанар Ғабитқызының диссертациясы бойынша:*

1) Сейтенова Салима Сагиновна - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті. (Орал қ, Қазақстан).

2) Онтуганова Шынар Шералиевна – философия докторы (PhD), аға оқытушы. Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті. (Шымкент қ, Қазақстан)

*Жүзеев Серікхан Әлханұлының диссертациясы бойынша:*

1) Абильдина Салтанат Куатовна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор-зерттеуші. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ., Қазақстан).

2) Кажимова Карылгаш Рахымовна – PhD, қауымдастырылған профессор, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал қ., Қазақстан).

*Кыдырбаева Гульназ Булатовнаның диссертациясы бойынша:*

1) Жорабекова Айнур Назимбековна – PhD, қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. (Шымкент қ., Қазақстан).

2) Альдибекова Шолпан Нурсапаевна – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті. (Алматы қ., Қазақстан).

*Айлауова Жазира Сламханқызының* диссертациясы бойынша:

1) Полатова Сауле Дуйсенбаевна - философия докторы (PhD), аға оқытушы, «Мирас» университеті (Шымкент қ, Қазақстан);

2) Майлыбаева Гульмира Сабыровна - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а., І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған қ, Қазақстан).

*Шарипходжаева Женисгул Бейсембековнаның* диссертациясы бойынша:

1) Абильдина Салтанат Куатовна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор-зерттеуші. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ, Қазақстан);

2) Есназар Асель Жанабергенқызы - философия докторы (PhD). Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент қ, Қазақстан).

*Альситова Асемгуль Бахтыгалиевнаның* диссертациясы бойынша:

1) Жумаш Жанара Еркиновна – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қаласы, Қазақстан).

2) Жияшева Жанар Шораевна – PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан).

*Исмагулова Раузия* диссертациясы бойынша:

1) Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған, Қазақстан);

2) Сейтенова Салима Сагиновна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал, Қазақстан).

*Егизбаева Лаззат Ержановнаның* диссертациясы бойынша:

1) Стамбекова Асель Серкебаевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы, Қазақстан);

2) Фейзулдаева Салтанат Арасатовна – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а., Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті (Алматы, Қазақстан).

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар**

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО, бітіртуші кафедралар диссертациялық жұмыстардың сапасына, қорғауға қажетті құжаттардың толық және сауатты жазылуына баса назар аударулары керек.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

1) Қорғауға қабылданған диссертациялар - **8**

Оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан - **4**;

2) Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан) - **жоқ**

3) Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан) - **жоқ**

